



№58 (10048)
23 шілде,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhagalash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Жоба

Жол құрылысы қарқынды

Республикалық маңызы бар «Қызылорда – Жезқазған» жолы ұзақ жылдан бері күрмеуі шешілмей келген, халық арасында біраз талқыға салынған мәселелесінің бірі еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған автомобиль жолы құрылысын бастауды және жолаушылар қатынасына қолайлы, сапалы етіп салуды тапсырған болатын.



Көлік министрі Марат Қарабаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, жоба құны 108,5 млрд теңге болатын «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту барысымен танысты. Сыр өңірін еліміздің орталығымен байланыстыратын күре жолдың ұзындығы – 424 шақырым. Қызылорда облысының аумағындағы 216 шақырымның 140 шақырымы осы жылы аяқталады.

Бүгінде Ұлытау облысының аумағындағы сегіз учаскенің құрылысымен айналысатын төрт мердігер анықталған. Оларға биыл күзде жұмысқа кірісу міндеті қойылды. Ал Қызылорда облысындағы учаскелерде құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталған. Оған шетелдік және жергілікті компаниялар жұмылдырылған. Бес асфальтбетон зауыты мен алты арнайы ұсақтау қондырғысы жұмыс жасайды. Аймақтағы бес учаскеде құрылыс қарқынды. Мердігерлерге 140 шақырымды биыл аяқтау міндеттелген. Бүгінде Қызылорда облысындағы жол учаскелеріне 120 шақырым жаңа асфальт төселді. Құрылысқа 900 маман және 450 арнайы техника жұмылдырылған.

Сонымен қатар кездесуде республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» автомобиль жолының Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы 566 шақырым бөлігін 4 жолақтыға (I-б техникалық санатқа) ауыстыру мәселесі де қаралды. Жобалау-іздістіру жұмыстарың, техникалық-экономикалық негіздемесің, мердігерді осы жылы анықтау және жеңдеу жұмыстарың 2025 жылдың 4 тоқсанында бастау жоспарлануда.

«ЖЖ» ақпарат

Егінжай – 2024



Орақ науқанына сақадай сай

Ел экономикасында аса маңызды орын алатын саланың бірі – ауыл шаруашылығы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда дамыған агроөнеркәсіп көшенін құру мәселесін көтерді. Онда ауыл шаруашылығы саласының еліміздің негізгі ресурсы бола тұра, барлық мүмкіндіктері мен әлеуеті толық пайдаланылмай тұрғанына назар аударылған. Сонымен қатар ол ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді игеруді қолға алу, фермерлерге өз өнімдерін сыртқа шығарып өткізу үшін барынша қолдау көрсету, салаға шетелдерден инвесторлар тарту мәселелерін шешуді атап көрсеткен болатын.

Қазіргі уақытта Үкіметтің негізгі міндеттерінің бірі ұлттық экономиканың негізгі алға сүйреуші күші ретінде АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Яғни астық сақтайтын қоймалардың, элеваторлардың жаңа өнім қабылдауға дайындығы, экспорт мүмкіндіктері және егін жинау кезіндегі ықтимал тәуекелдер мәселелері күн тәртібінен түскен емес. Дикандардың ерте көктем келісімен жерге дән сеуіп, оны жаз бойы аптап ыстықта баптап,

нәтижесінде қоңыр күзде өнімді ысырапсыз жинап алуы кездейді.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің болжауынша, ауа-райының қолайлы жағдайы мен егіннің қазіргі жай-күйі өнім жинау көлемі орташа көрсеткіштерден жоғары болады деп күтілуде. Астық қоймаларында осындай үлкен ауыспалы қалдықтар болған жағдайда өнімдіктерге қазірдің өзінде жаңа астықты қабылдау және келтіру қуаттылығы бойынша барлық ұйымдастыру

шараларын пысықтау қажет, яғни астық қолайсыз ауа райы жағдайында далада дымқыл болып қалмауы тиіс.

Қазіргі уақытта елімізде астық сақтауға арналған қоймалар сыйымдылығының көлемі шамамен 30 млн тоннаға құрайды, оның 13,4 млн тоннасы 191 лицензияланған астық қабылдау кәсіпорнына, ал 16,6 млн тоннасы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің астық қоймасына тиесілі. Мұндай сыйымдылық ауқымы орташа жылдық

өнім көлемін және ауыспалы астық қорын сақтау үшін жеткілікті. Биылғы 1 шілдедегі деректер бойынша елде астық қоры 6,1 млн тоннаға құраған, оның 4,5 млн тоннасы – азықтық, 1,4 млн тоннасы – жемдік астық.

Егін егіп, жерді игеру екінің бірінің қолынан келе беретін оңай шаруа емес екені белгілі. Астықты толық жинап болған соң, өнімді экспортқа жөнелту тағы бар. Мәселен, былтыр Қазақстаннан Қытайға теміржол арқылы астық жеткізу көлемі рекордтық 2,2 млн тоннаға жеткен. Бұл нәтиже 2023 жылғы наурыздан бастап Үкімет, ҚТЖ және салалық қауымдастықтардың бірлескен күш-жігерімен астық жүктерін астық тасымалдаушылармен тиеп-жөнелтуді қайта бастау арқасында мүмкін болған. Былтыр теміржол арқылы 757 мың тонна астық жөнелтілген. Алдағы уақытта еліміз Қытайға экспортқа 2 млн тоннадан астам астық жіберуге дайын.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Сапар

Жарқын жобалар жемісі



Өткен апта да ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов ауданның тыныс-тіршілігімен танысу үшін жұмыс сапарымен келді. Іс-сапарысында халық қалаулылары ең алдымен қоғамдық тәртіпті күшейтудің өзекті мәселелері бойынша мәжіліс отырысына қатысты.

Мәжіліс отырысында құқық бұзушылыққа итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарды әлеуметтік бейімдеу, құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін үйлестіру, азаматтардың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру мақсатындағы жұмыстар талқыланды.

Сондай-ақ халық қалаулыларымен еркін пікір алмасулар болып, жаңадан қабылданған заңдардың іс жүзінде тиімді тұстары айтылды. Аудан бойынша 6 айдың қорытындысымен орын алған қылмыстар 57-ден 60-қа немесе 5,3 пайызға өсім алып отыр. Өсім алған қылмыстардың ішінде ауыр санаттағы қылмыстар 12-ден 23-ке немесе 91,7 пайызды құрады. Ал ұрлық қылмыстары 19-дан 16-ға, орта санаттағы қылмыстар 20-дан 13-ке, теріс қылықтар 18-ден 11-ге төмендеген. Тіркелген қылмыстар ішінде алаяқтық қылмыстар өткен жылмен салыстырғанда 3-тен 7-ге, яғни 133,3 пайызға өскен. Ашылу көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 50 пайыздан 89,3 пайызға артқан. Аудандық полиция бөлімі қылмыстарды болдырмау және оның алдын алу бағытында тиісті профилактикалық шараларды атқарып келеді.

Айта кетейік, аудан бойынша 2 елді мекенде соңғы 3 жыл көлемінде қылмыс мүлдем тіркелмеген. Мұнан кейін халық қалаулылары ауданымызға жасаған жұмыс сапары аясында елді мекендерді газдандыру жобасының жүзеге асырылуымен

танысу мақсатында Ақсу ауылдық округіне табан тіреп, тұрғындармен кездесті. Биыл қос ауыл яғни Ақсу ауылымен Мөрәлі Шәменов елді мекенінің тұрғындары көгілдір отынның игілігін көрмек. Былтыр аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен облыстық бюджеттен 40 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме – «АЭС and Limited» ЖШС.

1600-ден астам тұрғыны бар Ақсу елді мекенін газдандыру жұмыстарына былтыр облыстық бюджеттен 20 млн теңге қаржы қаралып, бөлінген қаржы шегінде жұмыстар жүргізілді. Ал биыл құрылыс монтаждау жұмыстарын жалғастыру үшін ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 397,4 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстарының 95 пайызы орындалып, 387,7 млн теңге игерілді. Шілде, тамыз айларында қалған 109,7 млн теңге игерілетін болады.

Айта кетейік, қазіргі таңда де-меушілік есебінен Бұқарбай батыр, Қаракеткен және Далдабай елді мекендерін газдандыруға жоба-сметалық құжаттар әзірленуде. Мұнан бөлек кентте орналасқан мемлекеттік мекемелерді газдандыру мәселесі түбегейлі шешілуде. Биыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің және Жалағаш кенті әкімі аппараты ғимаратының жылу жүйесін табиғи газға қосу, №246 орта мектеп ғимараты мен №123 мектеп-лицейі ғимаратының бу қазандығын газбен жылытуға ауыстыра отырып реконструкциялау жұмыстары жасалады.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Шипа



Фариза Сасықбаева, дәрігер:



Жыл басынан бері 589 науқас ем алды

Жаз – базарда қауын-қарбыз бен жеміс-жидек сататын саудагерлердің мезгілі. Бүгінде халық ыстықта ас-аухат батпайды деп, базарда мерзімінен ерте пісіп тау болып үйілген қауын-қарбызды таласып алып, жедел-ішек инфекциясына шалдығып жатыр. Аудандық ауруханадағы жұқпалы аурулар бөлімінде жатқан науқастардың да басым көпшілігі аталған сырқаттан емделім жатыр.

Қазіргі таңда бөлімде 1 дәрігер, 6 мейірбике, 1 аға мейірбике, 6 кіші аяжан жұмыс істейді. Бөлім 20 төсек орынға арнап жабдықталған. Оның 15-і балаларға, 5-еуі ересектерге арналған. Сондай-ақ екі оқшаулар бөлмесі бар.

Жыл басынан бері бөлімшеден 589 науқас жазылып шыққан. Оның 387-сі 14 жасқа дейінгі балалар болса, оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар саны – 139-ды құрап отыр. Сондай-ақ 44-і жүкті әйелдер мен 158-і 14 жасқа дейінгі аурулар. Бөлім меңгерушісі Фариза Сасықбаеваның айтуынша мұнда күнігі 4-5 науқас түседі.

– Өздеріңіз білетіндей, әсіресе жазғы маусымда балалар арасында жедел ішек инфекциясы бас көтереді. Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуына, азық-түліктерден, мөселен, жуылмаған көкөністерден, сапасыз тағамдарды пайдаланғандар, ауыз суды қайнатпай ішкеннен және лас суға түскеннен болады. Жаздың алғашқы айынан бастап тұрғындар мерзімінен ерте піскен бақша өнімдері мен жеміс-жидектерді көп тұтынады. Мәселен бүгін бөлімшеде 21 науқас жатыр. Оның басым көпшілігі қауын-қарбыздан және аспап ыстықта той-томалаққа барып ашып кеткен салат жеп ұланғандар мен салқыннан тұмау және тілме сырқатына шалдыққандар. Науқастың көптігінен бөлімшеге қосымша төсек орын қостық, – дейді дәрігер.

Сонымен қатар қазіргі уақытта кенеден де келетін кесел көп. Дәл бүгін бөлімшеде кенеден түскен науқас жоқ. Өйтсе де жыл басынан бері бірнеше науқас кенешу диагнозы бойынша ем қабылдап, дәрігер бақылауында болған.

– Кенешу диагнозымен түскен науқастардан кенешу алып, жағдайы жақсы өкенине көз жеткізгеннен кейін, үйіне қайтар уақытта міндетті түрде екі апта күтініп, салқын су, балмуздақ жемеу қажеттігін ескертеміз. Себебі науқас салқын тигізіп алмай керек, – дейді дәрігер Фариза Сасықбаева.

Иә, көк шықса кенеден алысып бастайтынымызрас. Дәрігер бөлімшеге кене шағып дене қызуы көтерілген науқастар жиі келетін айтады. Ол науқастардың талдау қорытындысында қандай да бір өзгеріс болған жағдайда яғни қан кету, денесіне бертпе шығып, көгеруі, тісі немесе мұрны қанауы сынды қосымша белгілер болған жағдай ғана бөлімшеге жатқызылатынын жеткізді.

Дәрігер кене адам денесіне білдіртпей және ауыртпай терінің жұмсақ жеріне жабысып, қан соратынын айтады. Науқас адам дер кезінде дәрігерге көрінбесе, ауру асқынып, өліп кетуі де мүмкін, сонымен қатар қасындағы адамдарға да жұқтырады.

Дәрігер сұхбат барысында егер кене денеге қадалып үлгерген болса, оны пинцетпен немесе кім тігетін жіппен байлап, жайлап ырғап алып тастау қажеттігін айтты. Сондай-ақ кене шаққан орнын йод ерітіндісімен өңдеп, алынған кенешу өртеп жіберген дұрыс. Кенешу жалаңаш қолмен ұстауға, өзін мықуға, қой қырықым кезінде қолғасыз жұмыс істеуге болмайды. Табиғат аясында, саяжайда демалғанда кенеден қорғану шараларын мұқият сақтау қажет. Мұнан бөлек бөлімшеде тілме сырқаты бойынша 1 науқас ем қабылдауда.

– Тілме – салқын тигеннен пайда болатын терінің жұқпалы ауру түрі. Науқастар көбіне бұл сырқатпен жаз мезгілінің соңғы айларында ауырады. Тілме ауруымен балалардан гөрі ересек адамдар, әсіресе әйелдер жиі ауырады. Ол көбіне науқастың аяқ-қолына

немесе бетіне шығып, ісініп ауырып, дене қызуын көтереді. Ауруды дер кезінде емдемесе, асқыншы немесе созылмалы түрге айналып кетуі мүмкін, – дейді дәрігер.

Дәрігердің айтуынша бұл сырқат түрімен ауырған балалардың денесі тітіркеніп, мазасызданып, асқа зауқы болмайды. Ал кейбір балалар жүрегі айынып, лоқсып, қусады.

Бала саулығына салғырт қарайтын аналар бар

Дәрігердің айтуынша қазір 5 жасқа дейінгі балаларда іш өту көп орын алууда. Жоғарыда айтты өткеніміздей аталған бөлімшеден жыл басынан бері 14 жасқа дейінгі 387 бала ем қабылдаған. Оның 139-ы 1 жасқа дейінгі балалар. Дәрігер сұхбат барысында баласының жейтін тамағына салғырт қарайтын аналар барын жасырғады.

– Көбіне 1 жасқа дейінгі балалар анасының сүтімен қоректенеді. Сондықтан аналар дұрыс тамақтанып, ерте піскен жеміс-жидектерді жемей, күтпесе дейміз. Себебі бөлімшеге 1 жасқа дейінгі балалар көптеп түседі. Әрине оның бері анасының өзі мен қоймай баласының саулығына салғырт қаруынан. Кей балалар болады қосымша сүтпен қоректенетін. Мәселен, бірде бөлімшеге бір жас ана мен бала түсті. Баласының іші көтіп, әлсіреп қалған. Анасының айтуына ол сәбіне «нәрсесте» сүтін берген. Тексеріс барысында анасының сүті түнде жуылмай қалған бөтелкеге қиып бергені анықталды. Яғни гигиеналық талаптар сақталмаған. Көпке топырақ шашпаймын, десе де осындай салғырт аналар көп. Қазіргі

көптеген аналар өздері құнарсыз тағам жегенімен қоймай, баласын да ерте жастан жеңіл-желпі тез дайындалатын тағамға үйретіп тастаған. Мұнан бөлек, қазіргі балалар фас-фуд өнімінің құмар. Бөлімшеге құсып, немесе іші өтіп түскен баланың анасынан не жегенін сұрасақ мардымды жауап бере алмайтын аналар көп, – дейді дәрігер.

Маман кеңесі

– Бірінші кезекте дұрыс салауатты өмір салтын қалыптастыру қажет. Яғни тек қана спортпен айналысу емес, дұрыс тамақтану, иммундық жүйені шынықтыру керек. Жалпы балаға үйдің тағамын, асылған, өт тағамдар беру керек. Ал біздің аналар көрсінше тез дайындалатын жеңіл немесе фас-фуд өнімдеріне құмар. Балалар бөлімге үнемі құсып немесе іші тоқтамай өтіп түсіп жатады. Оның бері инфекция емес, кейде өт жолдарының бұзылуынан болып жатады. Себебі баланың тамақтануы дұрыс емес. Тіпті 1,2 жасар баланың өзінде осындай жағдайлар жиі кездеседі. Көпке топырақ шашпаймын, десе де кей ата-аналар бала саулығына салғырттық танытып, оның не ішіп, не жейтініне мән бермейді. Сондықтан ата-аналарға ең алдымен балалардың дұрыс тамақтануын қалыптастыруға кеңес береміз. Әрине ол иммундық жүйені қалыптасуына оң әсер етеді. Асқазан ішек жол өт жолдарын дұрыс қалыптастырады. Сондай-ақ уақытылы балаларға екіп салдыру қажет, – дейді Фариза Сасықбаева.

Иә, дәрігердің сөзінің жаны бар. Кез келген жұқпалы дертке салғырт қарауға болмайды. Әр ата-ана баласының көңіл-күйі көтеріңкі уық қажет. Сондай-ақ баланың уақытылы пайдалы тағамдар ішуге қадағалап, денесінің ауруға төзімділігін арттырып, жеке басының гигиеналық тазалығы мен терісінің зақымданбауын да назарынан тыс қалдырмағаны жөн.

Ақтоғы БҰРҚИТБАЙ

Орақ науқанына сақадай сай



22 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталған

Биыл облыс бойынша 191,5 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Оның ішінде негізгі дақыл күріштің көлемі 83,1 мың гектарды құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы егіс көлемі 2,9 мың гектарға, оның ішінде күріштің көлемі 7,8 мың гектарға азайтылған. Биылғы жылы да ауыл шаруашылығы дақылдарының өсіс көлемдерін ертаратандыру жұмыстары жалғасын тапқан. Нәтижесінде қысқартылған күріш егісіннің орнына суды аз қажет ететін мал азықтық, майлы дақылдар мен картоп, көкөніс дақылдарының өсіс көлемдері ұлғайтылған. Бұдан бөлек облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жергілікті тұрғындарды өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету бағытында 5 мың отбасына ұжымдық түрде бақша егуге қосымша 3 364,4 гектар жер дайындалған. Бүгінде 2 225 отбасы дайындалған 1 615 гектар жерге егіс еккен, оның ішінде 192 гектарға картоп, 410 гектарға көкөніс, 631 гектарға бақша дақылдары орналастырылған.

Сонымен қатар көктемгі егіске қажетті 63,3 мың тонна минералдық тыңайтқыштар толық пайдаланылса, күріш егістігінің 52,7 мың гектарына химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілген. Бүгінде барлық 3 799 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары жөндеуден өткізіліп, егін егу жұмыстарына қатысуда. Облысқа көктемгі егіс егу мен дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 13,9 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген.

Өңірдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті жыл сайын артып келеді. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2023 жылдың 1 мамырына облыстан 12,5 млн долларды құрайтын 22 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері, яғни күріш, балық өнімдері, күріш қалдығы, қамыс өлемнің 15 миллион доллар құнында экспортталған.

Одан бөлек өткен жылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 406 жұртке несиелендіріліп, нәтижесінде 713 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның ішінде 275 адам жаңадан кәсібін ашқан болса, 438 қосымша жұмысқа тартылған. Биыл да республикалық бюджет есебінен 575 жоба қаржыландырылып, 610 жұмыс орнын ашу көзделген.

2,737 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілген

Аудандағы ахуалға тоқталсақ, 6 айда өңірде мемлекеттік қолдаудың арқасында салада 2,737 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілген. Бұл көрсеткішті өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,7 пайызға орындалған. Ауыл шаруашылығының негізгі қорға салынған инвестиция көлемі 2024 жылдың 1 маусымында 417,3 млн теңгеге орындалған. Бұл да бытырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4 есеге арққан. 6 айда ауданда мемлекеттік қолдаудың арқасында салада 2,737 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілген. Бұл көрсеткішті өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,7 пайызға орындалғанын бағамдаймыз. Биыл ауыл шаруашылығының негізгі қорға салынған инвестиция көлемі 417,3 млн теңгеге орындалған.

Аудан шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Биыл 669,4 млн теңгеге 13 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған. Көктемгі науқанда техникадан мәселе болмаған. Жыл сайын күзгі науқанда өнімді жауын-шашынға қалдырмай, жинап алып жатыр. Биыл да мәселе болмайды, яғни өңір диқанылары орақ науқанына сақадай сай.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ
БАСПЫ-БЕТТЕ

Сақтансаң, сақталды!

Жыл басынан бері 10 өрт оқиғасы тіркелген



Қазақта «Апат айтып келмейді, өрт – тілсіз жау» деп текке айтылмаған. Табиғи апаттың ішінде адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға орасан зиян тигізетін алапат апаттың бірі – өрт. Тілсіз жауды болдырмау немесе алдын-алу бағытында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі жүйелі жұмыстар атқарған. Өйтсе де, бұл аудан көлемінде өрт болған жоқ деген сөзді білдірмейді. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі басшысының міндетін уақытқа атқарушының сөзіне бытыр жыл бойы жүргізілген профилактикалық жұмыстарға қарамастан жыл басынан бері ауданымызда 10 өрт оқиғасы тіркелген. Өрттің басым көпшілігі тұрғын үй секторында, 1 өрт оқиғасы автокөлікте, 3 өрт оқиғасы орманда болған.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі барғанымызда бөлім басшысының міндетін уақытша атқарушы Асанәли Арапбаев ең әуелі біздің бөлімнің тыныс-тіршілігімен мұндағы тілсіз жауды ауыздықтауға арналған өрт сөндіру автокөліктері мен өрт сөндіру құралдарымен арнайы киімдермен таныстырды. Жауапты да күрделі сала маманының айтуынша аудан гарнизонында штат бойынша қырыққа жуық қызметкер бар. Оның ішінде төтенше жағдайлар бөлімінде 4, №11 өрт сөндіру бөлімінде 35 қызметкер жұмыс істейді. Сондай-ақ 3 өрт сөндіру автокөлігі бар.

Жалпы төтенше жағдайлар бөлімінің негізгі қызметі – төтенше жағдайларды болдырмау немесе алдын-алу. Сала мамандары аудан тұрғындарын суға шомылу маусымында су айдындарындағы қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырып, жылу беру маусымында білім, денсаулық және әлеуметтік нысандардың дайындық жұмыстарын үнемі бақылауында ұстайды. Аудан аумағында орналасқан жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігін ереже талаптарын сақтау, кемірқышқыл газының ұлану фактілерін алдын алу бағытында, аудан көлеміндегі өгін жинау науқаны кезінде олардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, төтенше жағдайлар қаупі туындаған жағдайда хабар беру қажеттігін ескертеді. Өйтсе де, бөлім басшысының міндетін уақытша атқарушы Асанәлидің айтуынша ескертуге елең етпейтін тұрғындар көп. Себебі соңғы уақытта аудан көлемінде орын алып жатқан өрт тұрғындардың жауапсыздығы мен салғырттығынан орын алууда. Мәселен, өрт жылыту пеші мен электр желілерінің ақауынан, газ плита үстінде дайындап

жатқан асты бақылаусыз қалдырудан орын алып жатыр. – Көктем басталса, су тасқынының алдын алу мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарға арықтарды тазалап, аулаларындағы қарды уақытында шығаруды ескертеміз. Өздеріңіз білетіндей, соңғы жылдары өлімізде орман өрті өршіп тұр. Осы ретте біз орман шаруашылығы мамандарымен де белсенді түрде бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Сондай-ақ жыл басында яғни 5 қаңтар күні таңғы сағат 09.43-те Аққум ауылындағы тұрғындардың бірінің үйінен газ баллонының жылыстануы орын алып, орны толмас қайғылы жағдай тіркелді. Өкінішке орай, өрт барысында үйдің қабырғалары құлап, бөлмелері толық жанған. Өрт сөндіру барысында баласын құтқарамын деп жанұшыра үйге кірген ананың мәйіті үйіңділер астарынан табылды. Отбасының басқа мүшелері біраз уақыт дәрігерлердің бақылауында болды, – дейді ол.

Сұхбат барысында Асанәли Арапбаев өрттің басым көпшілігі ауылдардағы тұрғын үйде орын алатынын, яғни өрт электр сымдарының қысқаша тұйықталу салдарынан болатынын жеткізді.

Жан-жағын жайлап өтіп, қыруар шығынға батыратын өртті болдырмаудың бірден-бір жолы – оның алдын алу. Бүгінде ауданда барлығы 704, кентте 163 өрт гидранты орналасқан. Барлығы жарамды күйде, сала мамандарының толық бақылауында.

Мұнан бөлек, ауданда қарасты ауылдарды тілсіз жаудан қорғау мақсатында 2021 жылы Мәдениет пен Адамгершілік, 2023 жылы Қарқандық пен Бұқарбай батыр ауылынан өрт сөндіру бекеттері ашылған. Өрт бекетіне және жақын ауылдарда қандай да бір өрт шықса, көмекке барып ауыл еріктілерімен бірге өртті ауыздықтауға атсалысады.

Аталған бөлім қызметкерлері өрт сөнбі сайын таңғы сағат 9.00-ден түскі сағат 15.00-ге дейін аудан тұрғындарын және басқа да ауылдық округтерді аралап, тұрғындарға «Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі», «Газ және электр жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік» туралы түсіндірме. Сондай-ақ тұрғын үй секторында өрттің өсуіне және адам шығынына жол бермеу мақсатында профилактикалық іс-шараларды жүйелі түрде өткізіп келеді. «Кемірқышқыл газы адам өміріне қауіпті», «Жағалған оқиғаларды бақылаусыз қалдырмау», «Сіркенелер балаларға арналған ойыншық емес», «Балаларды қараусыз қалдырмау» тақырыптарында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, арнайы дайындалған жадынамалар таратуда. Тұрғындардың жылу беру кезеңіндегі өрт қауіпсіздік ережесі талаптарын қатаң сақтап, оқыс оқиғалардың алдын алу төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлерінің басты назарында.

Аталған бөлім қызметкерлерінің жұмысы жылдың төрт мезгілінде де қызу қайнап жатады. Себебі олар қақпаған қыстың аязы мен шіліңгір шілденің ыстығына қарамай адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу бағытында тынымсыз күресуде.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ

Тарих

Ғұлама философиясындағы бақытты адам концепциясы

Тарихтың «құм басқан» көне «рухани күмбездерінің» ішінде алыстан мұнартып, жақындаған сайын жарқырай түсетін Әбу Насыр Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фарабидің тұлғасы биіктей түседі. Қазақ елі көп уақытқа дейін әл-Фарабиді біле бермеді. Оның есімі шығыстанушылардың еңбектерінде аталып жүргенімен де өзіне лайықты бағасын толық ала алмай келді. 1975 жылы жарық көрген өзбек ғалымы М.Хайруллаевтың «Мировоззрение Фараби и его значение в истории философии» (Ташкент, 1967), «М.Фараби: эпоха и учение» (Ташкент, 1975) атты монографиялық зерттеулері шығып, осы тақырыпта докторлық диссертация қорғағаннан кейін барып, қазақ ғалымдары бұл мәселеге назар аударма бастады.

Әл-Фараби – ғылымның барлық саласымен дерлік айналысып, 150-дей ғылыми трактат жазып, артына шпес мұра қалдырған энциклопедист ғұлама, орта ғасырлардағы түркілік, исламдық өркениеттің жарық жұлдызы. Оның есімі әлемдік өркениеттің тарихында әйгілі ойшыл, философ, математик, физик, астроном, әлеуметтанушы, тілші, сөз өнерін, саз өнерін зерттеуші ретінде кеңінен таныл- мал болды.

Ол «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» атты еңбегінде ғылымды бес салаға бөліп жіктейді:

біріншісі – тіл білімі және оның бөлімдері;

екіншісі – логика және оның бөлімдері;

үшіншісі – математикалық ғылымдар. Бұлар: арифметика, геометрия, оптика, төлімдік астрономия, музыка ғылымы, ауырлық туралы ғылым, механика;

төртіншісі – физика және оның бөліктері, діни ілім және оның бөлімдері, бесіншісі – азаматтық ғылым және оның бөліктері, діни ілім және оның бө- лімдері» (Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. Алматы, «Арыс», 2009, 15-бет).

Орта ғасырлардағы ғылым біртұтас, әлі іштей жіктеліп, жеке сала болып қа- лыптаса қоймаған болатын. Сондықтан да ғалымдар өмірдің, барлық ғылым сала- ларының ортақ ембелеп заңдылықтарын зерттеуін философ болды. Әл-Фараби еңбектерінің салмақты жағы ғылымның философиялық мәселелерін зерделеуге арналған еңбектерінде ғылымның аса маңызды проблемалары көтеріліп, ғұла- мань асқан ойшыл көмеңгер философ ретінде өлкеге танытып.

Идеализм мен исламның негізгі қағида- ларынан бастау алатын әл-Фарабидің фи- лософиясы материализмге арқа сүйеніп Батыстың философиясынан өзгешеулеу келеді. Ғалым мұрасын зерттеушілер әл- Фараби философиясына тірек болған үш дәйектемесіне көреді: 1) дүниені мәңгілік деп тану; 2) зерттеу принципі ретіндегі детерминизм; 3) парасат жайындағы ілім, бұл ілімнің адам жанының мейіп өлең- тінді бекер дейтін қорытындыға бай- тауға апаратын. (Б.М.Кедров, Ш.Е.Сенюв, А.Х.Қасымжанов. Әл-Фарабидің фи- лософиялық көзқарастары. Кітапта: Әбу Насыр әл-Фараби. Бақыт туралы кітап. Алматы, 2015, 20-бет).


Әл-Фараби ғылым салаларын жүйеле- генде, ең алдына тіл білімін қояды. Өйт-кені, «Бұл айтылғандардың барлығын пайымдау жолымен – өз ойымызды қалай жеткізу керектігіне, үйрету немесе үй- рену керектігіне, қалай баяндау, сұрау, жауап беру керектігіне абстракциялану арқылы таптық. Осы себепті барлық ғылымдардың ішіндегі ең бірінші ғылым тіл туралы ғылым деймін. Ол заттарға, яғни субстанция мен акциденцияларға ату береді. Екінші ғылым – грамматика, ол атауларды қалай реттеу керектігіне, субстанциялар мен акциденциялардың орналасуын білдіретін сөздер мен сөйлем- дерді жерде судан шығатын салдарларды құрастыруға үйретеді». Бұл жерде ғұла- маньның адамның адам ретіндегі саналы тіршілігінде, адамның өмірдің құпияларын танып-білуіне көмектесетін ғылыми ізде- ністерінде тілдің арықшына орнына ерекше мән бергендігі көрінеді.

Әл-Фарабидің анықтауына, тілдің сан қырлы қызметті тікелей логикамен байланысты: «Ол қорытынды ұлу үшін логикалық фигураларға сай баяндаушы сөйлемдерді қалай орналастыру керектігіне үйретеді. Солардың арқасында біз танымағанды танымыз, неңің ақиқат, неңің жалған екендігі туралы пікір айтамыз». «Поэзия (өнер) туралы» трактатында ол негізінен арабтың сөз өнері жайлы ойларын басқа елдермен салыстыра оты- рып, өңімелейді. Өлеңдегі дыбыстың, ырақтың, басқа да бөліктердің, шарт- тардың, айтылымның үйлесім табуы заңдылық дейді. Бұл жерде сөз өнерінің бейнелеушілік сыпаты басқалармен са- лыстыра отырып, дәл көрсетеді.

Оның «Поэзия (өнер) туралы» трак- татындағы «Демек, өнер екі түрге бөлінеді: біреуінің мақсаты тамаша көркемдікке ие болу, екіншісінің мақсаты пайдаға ие болу»; «Тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін өнер философия деп, не- месе абсолюттік мағынада айтқанда, даналық деп аталады» (сонда, 35-бет) – деген пікірлері күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Ғұламаньның «Бар- лық поэтикалық шығармалар бір нәрсені қиялмен жақсы бейнелеу үшін ғана шы- ғарылған» (233-бет) – деген ой түйнінде сөз өнерінің басты қасиеті ашылған.

Ғалымның «Қайырымды қала тұрғын- дарының көзқарастары туралы трактат», «Бақытқа жету жайында», «Бақыт жолын сиптеу», «Азаматтық саясат», «Соғыс пен бейбіт өмір туралы кітап», «Қоғамды зерттеу кітабы» еңбектерінде адам қайтсе, бақытты болады, адамдар бақытты өмір сүре алатын қоғамдық құрылыс қандай болуы керек деген сауалдар төңірегінде мәселенің мәніне тереңдеп барады.

Әл-Фараби қоғам дұрыс болу үшін онда өмір сүретін адамдар дұрыс болуы



керек деп біледі. Ал адамдардың алдына белгілі бір мақсат қойып, соған жету үшін барынша ұмытылатын белгілі. Сонда адам тіршілігінің бар мән бақытты бо- луға саяды. «Екінші ұстаз» адам өмірінің ең жоғары сатысы саналатын «бақыт» категориясына тоқталып, оған филосо-фиялық тұрғыдан сипаттама, терең тал- даулар жасайды. Ол «Адамзат кемелді- гінің ең биік дәрежесіне жеткен» адамды бақытты адам санайды. Адам бақытты болу үшін ол өмір сүріп отырған елдің басшысы да кемел адам болуы керек», «Адамдар ішіндегі ең таңдаулы жан бірінші басшы болуға тиіс» деп біледі. Осындай оймен басшыға қойылатын алты талапты атайды:

«Бірінші шарт – дана болу. Екінші шарт – қалаға арнап бірінші имамдар (басшы, D.B.) белгілеген заң- дарды, ережелер мен едет-ғұрыптарды жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс-әрекетін осыларға сәйкес жүргізу.

Үшінші – бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, бірінші адамдар- дың үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жерде тапқырлық көрсету. Төртінші – бірінші имамдар андай ал- маған нәрселерді бұрыннан қалыптасып қалған жағдайда да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып-біліп отыра- лықтай тапқыр да білгір болу; өзінің осын- дай іс-әрекетінде ол халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс.

Бесінші – бірінші имамдардың заңда- рын және солардан кейін, олардың үлгісі бойынша өзі белгілеген заңдарды орын- дауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу. Алтыншы – өскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болу, оның бер жағында өскери өнерді қызмет ба- бындағы өнер ретінде және билеуші өнер ретінде біліп алу.

Ғұлама «Адамдар ішіндегі ең таңдаулы жан бірінші басшы болуға тиіс...» (сонда, 356-бет)–деп, негізгі ойынғырлап түседі. Сонда ең таңдаулы, кемелдікке жеткен бақытты адам қандай адам? Бұл сауал – адамзат қоғамын Адам-ата жаралғалы бері ойландырып келе жатқан мәңгілік мә- селе. Әл-Фараби «Бақыт жолын сиптеу», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Қайыр- мы» ды қала тұрғындарының «көзқарастары» секілді еңбектерінде осы мәселеге тереңді барып, күні бүгінге дейін өзінің қуанын жоймаған бағалы пікірлер айтты. Жанаңданудың салдарынан өлем дағды- рысқа, тоқырауға ұшырап отырған мына заманда әл-Фарабидің гуманистік идея- ларға негізделген ғылыми ой-пікірлерінің өміршеңдігі көрініп тұр.

«Бақытты болу үшін өмір сүреді дейді: «Бақы- т – өрбір адам ұмытылатын мақсат...» (Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трак- таттар. Алматы, «Ғылым», 1975, 3-бет). «Жан біткеннің бәрі ең биік кемелдікке жету үшін жаралған, ол бұған өзіне тән болмыс сатысына сәйкес жете алады» (Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973, 347-бет).

Адамның бақытқа жету жолындағы күресінде үш түрлі жағдайды басынан өт- кереді. Олар: «1. Бұл – әрекеттер, адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін керекті әрекеттер, мысалы, орнынан тұру, отыру, көлікке мініп жүру, керу, есту үшін керекті әрекеттер. 2. Жан әффектілері. Мысалы құштарлық, рахат, қуаныш, ашу, қорқыныш, жабырқау, күйіну, қызғаныш және сол сияқтылар. 3. Ақыл-парасат. Бұл үшінші адамның бүкіл өмір бойында болады немесе кейде болмайды».

Осы үшеудің ішіндегі ақыл-парасат – адамдардың бақытты болуы үшін Апла- ның сыйлаған сыйы. «Адам нақ осы ақыл арқылы адам болған...»; «Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш» (сонда, 194-бет).

Ақылды, парасатты болу үшін адам өмір бойы оқумен, оқығандарын бойына тоқумен, жақсылардан үйренумен өтеді: «Үйрету дегеніміз – халықтар мен қа- лаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз». Жақсы тәрбиенімен дұрыс ба- ғытта берілген білім адамды кемелдікке, даналыққа қарай бастайды. «Даналықты ерекшелігі – өрбір түпкі нәрсенің шекті сәттеріндегі оған мәлімділігі болса және адам өмірінің мақсаты бақыт болса, ал мақсат сол сәттердің бірі болса, онда, даналық дегеніміз, шын бақыт болып та- былатын зат туралы білімнің бізге беретіні болып шығады. Даналық дегеніміз – шын бақыт туралы білім беретін нәрсе, ал пайымдағыштық – бақытқа жету үшін орындау керек болатын әрекеттер туралы

білімнің беретін дүниесі» (Әл-Фараби. Ба- қыт туралы кітап. Алматы, 2015, 16-бет).

Бақыт дегеніміз не нәрсе екендігін жан- жақты білімдарлығының, ойшылдығының арқасында жан-жақты түсіндіреді; әртүрлі қырынан сипаттайды:

«Кейбіреулер ләззат алуды ең жоғары бақыт деп, есептейді. Енді біреулер бай- лықты бақыт деп, санады. Үшінші біреу- лер бақытты сол екеуінің ұштасуы деп біледі» (сонда, 311-312 беттер);

«Бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілген...» (сонда, 5-бет);

«...біз философияның арқасында ба- қытқа жетеміз. Ал оны біз жақсы ақыл- парасат арқылы меңгереміз» (сонда, 36- бет);

«Ең дұрысы, бақыт – оқығанда, сабақ алғанда, білімді игеру, әртүрлі өнерлерді үйренгенде, оларды игеру, (оларға сәйкес) жұмыстарды орындау сияқты игілікті істер арқылы қол жеткізе мақсат» (сонда, 258- бет);

«Бақыт – өз басың үшін көкөсірін ігілік бұған ешбір жағдайда және ешқандай басқа нәрсеге бола талпынбайды- йткені (бақыттың) аржағында адамның қолы жете алмайтын бұдан артық нәрсе жоқ. Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет – тамаша әрекет. Мұны туғызатын едет-ғұрып – қайырымдылық. Бақытқа (жетуге) бөгет жасайтын әрекет жаман немесе сұмпыялы әрекет болмақ. Бұл әрекетті туғызатын едет-ғұрып – кемшілік, кеспенат, пасықтық» (сонда, 179-бет).

«Бақыттың табылуына, адам өмірінің мәні мен сәні, ең жоғарғы шыңы болып саналатын бақыт жанның байлығына, адамгершілікке негізделеді. «Жақсы мі- нез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұл адамшылық қасиеттер болып табылады» (сонда). Жаны жайсаң, адамгершілігі мол адамдардың мінез-құл- қы да жақсы келеді. Жақсы мінез-құлық білім алу, үйрену барысында көбіне тәр- биенімен қалыптасады.

«Адамның бойына дарыған, халықтар мен қала тұрғындарына тән және бұл дүниеде тиегілі бақытқа жетуіне, о дүниеде асқан рахатқа көнеуіне септігін тиізітетін тәрт түрлі нәрсе бар, бұлар: теориялық ізгіліктер, ойшылдық ізгіліктер, этикалық ізгіліктер және практикалық өнерлер».

«Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілік қасиеттер, ал адамның пәсік істері мен оңбаған әрекеттер жа- сауына себепші болатындығы – сұрқия- лық, кемшілік немесе оңасыздық болып табылады».

Адамның саналы өмірін қамтамасыз ететін – денінің саулығы мен жан сау-лығы. Осы екеуі бір-біріне сай, үйлесім тапқанда ғана адам бақытты бола алады. Денсаулықты қамтамасыз қалау, жан саулығы – аса күрделі; ол адамның өзі- нің дүниеге көзқарасынан бастап, алған біліміне, тәрбиесіне, өмірлік мақсатына, мамандығына, қоршаған әлеуметтік ор- тасына сияқты көптеген факторларға байланысты.

«Дене сияқты жанда да өзіне тән ден- саулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және бөлше- ктерін жайы жақсы болуының өсерінен өрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі және тамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның науқастығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы нашар халде болуының өсерінен өрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әре- қеттер жасалады». «Жаман мінез-құлық – рухани кесел». Жан сұлпұлығы, жақсы мінез адамды қайырымды етеді. «Қайы- рымдылық адамдар жанынан берік орын алғанда, не адамдар ұстамды болғанда, қалаларда теріс қылықтар жойылады» (сонда, 201-бет).

«Өмірдегі адамдардың білім деңгейі оқыған оқымаған жоғары білімді дегендей, түрліше болуы – заңды. Осындай адамдар туралы «Ақыл-естің тілегінен (жасауға) парасаты және батылдығы жететін есті адамдар болады. Мұндай (адамдарды) біз өдетте, өзінің лайығына, ерікті адам деп атаймыз, ал өнді өз бойында осы екі (қасиет) жоқ адамдарды хайуан тәртізес адамдар деп атаймыз, ал тек ақыл-есі ғана жетіп, батылы бармайтындарды жаратылысынан құл адамдар дейміз» (сонда, 29-бет) – деген сипаттамалар беріліпті. Ары қарай ойын «Бұлардың ішінде батыл бола тұрса да, ақыл-есі кем түсетінін бар. Бұл үшін басқалар ақылға салып, пайымдайтын болады. Бұл жағдайда мұның өзінің қамын жеуші басқа адамдарға бұл не бағынып, не бағынбайды. Егер бағынбаса, онда бұл

да хайуан тәртізес, ал егер бағынса, ол көп істерінде табысқа жетеді және осының арқасында құлдар (қатарынан) шығып еріктілер қатарына қосылады» (сонда, 30- бет) – деп жалғастыраған.

Бақытты болу көз келген адамның қол- ыннан келе берер оңай шаруа емес. Оған өмірді сүре білуге қажетті жан-жақты білімі бар, жаны бай, адамгершілігі, рухы жоғары, мақсатына жету үшін қиын- дықтарға шыдап, күресе білетін адамдар ғана қол жеткізе алады. «Егер адамның өмір сүруінің мақсаты – ең жоғары кө- мелетке жету болса, онда адамның осы бақытқа жетудің көрсетуі үшін оны мең- геруге қабілетті нәрселердің бәрін алу керек». «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмытылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек» (сонда, 409-бет).

«Бақыттың адам концепциясында жүрек аса маңызды орынға ие. Бйткені, адамның бақытты болу жолындағы өмі- рінің барлығы осы жүрек арқылы басқа- рылады. Жүрегі таза, жылы адамдар ғана бақытты өмір сүре алады. Оған себеп, жүрек – адамның денесіндегі ең басты орың асқан анының құрағында жаратыла бастағанда, ең алдымен жү- рек жаратылады; адамның басқа дене мүшелерінің барлығы ми арқылы жүрекке қызмет етеді.

«Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі бөлмейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да – басты мүше; бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екін- ші, өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді. Бірақ бұл тек жүрекке қызмет етеді және жүректің табиғи ниетіне қарай, бұған басқа мүшелер қызмет етеді.

Ми жүректен кейінгі мүше ретінде әре- кет етеді, басты (мүше) бейімделе алма- ған жерде оның орнын басады, оның өкілі болады, әр іске бейімделіп отырады; жү- ректің ізгі ниетінің жүзеге асыруы ісіне қыз- мет ету тек қана миға тән қабілет. Мәселен жүрек – ішкі табиғи жылылықтың көзі... Ми (мұнда) жүрекке қызмет етеді, сөзімді жүрекке тамырларға өз күшін бө- йінде сақтайтын қуат бітіреді, бұл қуат қоректендіруді (күштердің) сөзінтал болуына мүмкіндік береді...

Болушылардың ішінде тұңғыш рет жүрек пайда болады, бұдан кейін ми, одан соң бауыр, одан кейін көбауыр, сонсоң бас- қалары пайда болады. Бәрінен соң барып, қимылға келетіні – жыныс мүшелері... Устем күшінің мекені – жүрекке» (Әл- Фараби. Философиялық трактаттар. Ал- маты, 1973, 289-295 беттер).

Ұлы Абай да адамның өміріндегі жү- ректің атқаратын қызметіне ерекше мән берген. Мида қорытылған ой жүректің сабырынан өтіп барып, сөзге айналып, сырқа шығады. Ақынның айтуынша, сөз «жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді»; «бойда қуат, ойда кез болмаса, ондайларға айта сөз»; жүрексіз айтылған сөз – жал- ған сөз; ондайларға сенбе. Өмірдің өділет- сіздіктерін қайнаған ішінде жүріп көп көрген, барынша сезінген халқының кезі, сезімі, жырышы атыған ақынның жүрегі – «қырық жамсау».

Бұл жерде қазақ топырағынан шыққан екі ұлы айтқан ой-пікірлерінің арада мыңнан астам жыл уақыт өтсе де бір арнадан шығып жатқаны көрінеді. Ұлы философ әл-Фараби адам бақытты болуы үшін ол ақыл-парасатты иесі, жүрегі таза, жылы болуы керек десе, ақын Абай ең алдына оның ойының дұрыс болуын, яғни мидің қызметін қояды. Екі ұлы да адам өміріндегі сандаған ойларды қорытып, ой оялып, даналыққа, парасаттылыққа жетелейтін, дұрыс жолды табатын ми- дың, сол мидің қорытып ұсынған «ақыл- дарының» ішінен дұрысын қабыл алып, «жылылыққа орап», сөз арқылы сыр- қа шығаратын жүректің қызметтерін аса жоғары бағалағандықтары, бір-бірі толықтыра түскендіктен көрініп тұр. Ұлы- лардың ұлылығы, ұлылардың үндестіктері осылай болса керек.

«Әрбірден жетілген адамдардың ғана жандары мәңгі өлмейді» (Әл-Фараби). «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, Өл- мейтұғын артына сөз қалдырған» (Абай). Иә, ақыл-парасаттың шыңына шығып, оны ой елегінен өткізіп, арта келе жатқан ұрпақтардың бақытты өмір сүруіне көмек- тесетін «өлмейтұғын сөз» қалдырған ұлы- лардың рухтары мәңгі жасай береді.

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ, филология ғылымдарының докторы, профессор

Жарқын жобалар жемісі



Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асып жатқан ауылдардағы ауқымды бастама ауыл халқына қалаулылары, еңбектің өзегіндей болған елдегі ағайынның берекелі тірлігіне сәттілік тіледі. Сонымен қатар соңғы жылдары ауданда білімге инвестиция құйып, білім саласына жанашырлық танытып жүрген кәсіпкерлер саны артауда. Халық қалаулылары іс-сапар барысында жаңадан салынған 130 орындық «Жас қыран» балабақшасына да атбасын бұрып, жұмыс барысымен танысты.

Мемлекеттік тапсырыс негізінде жұмыс жасау үшін жаңадан салынған 130 орындық «Жас қыран» бала- бақшасының жалпы ауданы – 1493 шаршы метрді құрайды. Тіптік жобада салынған ғимаратта 6 ойын және жатын бөлмесі, спорт зал, акт зал, робототехника кабинеті, Ұлттық құндылық кабинеті, логопед бөлмесі, медбике бөлмесі және асхана бар. Сапалы қызмет, білікті мамандар мән жасау техникалары арқылы жабықталған «Жас қыран» балабақшасының бүгінгі тынысына сенат депутаттары оқ бағасын берді. Олар баланың жарқын болашағын қалыптастыруда ірге- тасын білімнен қалап, өнегелі тәрбиені сіндіріп отыру қажеттігін айтты.

– Балабақшада жалпы 6 топ бар. Ең кіші топтарымыз – «Қошақан» және «Құлышқақ» деп аталады. Бұл топқа 2 мен 3 жас аралығындағы балаларды қабылдаймыз. Одан кейін 3 пен 4 жас аралығындағы балаларды қабылдайтын ортаңғы топ – «Ботақан» деп атала, 4 пен 5 жастағы балаларға арналған ересек топ – «Бөбек» тобы деп аталады. Ал 5 жасстан асқан балалар мектеп алды даярлыққа яғни «Балдырған» және «Балдырған» тобына барады, – дейді балабақша меңгерушісі Қалдырғұл Дәулет.

Балабақша тәрбие мен білімнің алғашқы бас- палдағы. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезі мен қабілетін ерте жастан дамытады. Халық қалаулысы Наурызбай Сейтақұлұлы балабақша бұл- діріндегі бойына рухани құндылықтарымызды сіндіріп қана қоймай, ұлттық нақышта бейнеленген қазақы оюлар, ой сергітуге арналған ойындар мен алшысынан түскен асықтар, киіз үй мен жалпы ұлттық коддымызбен құрақталған қасиеттерді дәріптеген бөбекжай бастамашыл дүниелерге бай екенін жеткізіп, ұжымның жұмысына сәттілік тілеп, аудан көлемінде ел еңсесін тіктеу бағытында атқарылып жатқан жарқын жобаларға оқ бағаларын берді.

А.ЕРЖАНҚЫЗЫ БАСЫ 1-BETTE



Бір жыл өтті өзіңізді көрмегелі

Ардақты анамız Марияш Байменованың орта- мызда жүргені көше ғана еді, балаларының бағдар- шамы, өнегелі өмір иесінен айырылып қалғанымыздан бері де 1 жыл өтті. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа шара жоқ, тек ағамыз жайында ендігі жерде өткен шақпен естеліктер айту жанға батады.



Байменова Марияш Уатайқызы 1939 жылы 25 жел- тоқсанда дүниеге келген. Саналы ғұмырын медицина саласына сарп етіп, талай науқастың дертіне дауа тапты. Елдің алғысын алған абзал жанның тағалымына толы ғұмыры кейінгі буына өнеге. Ардақты анамız отбасында 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Немере, шөберелерінің қызығын көрді. Жұмыс пен отбасының шаруасын қатар алып жүріп, балаларына да тағалымды тәрбие берді. Аймақтың, ауданның денсаулық сақтау саласының жақсаруында өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Осы салада ұзақ жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Марияш Уатайқызы 2023 жылы 2 тамызда 84 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, ауялы ана, ардақты әже. Өзіңді сағымшымен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз.

2024 жылы 27 шілде сағат 11.00-де «Иманқұл» мешітінде Байменова Марияш Уатайқызының жылдық асы өтетінін барша ағайын-туыс, қуда- жекежат, дос-жаранға хабарлаймыз. Анажан шаңыраққа болдың пана, Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Аман не, жоқсыз бүгін ортамызда. Сағындық, ана, сізді баршамыз да. Жан-ана, ұл-қызымың тірегі едің. Тірі болсаң жарықпадан жүрер едің. Болмасаң да бүгін біздің жанымызда, Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Еске алушылар Байниязовтар әулеті, балалары-келіндері, немере-шөберелері

Өнеге

Балық аулаудан бақ сынады

Кеңес заманында ауданға қарасты Қаракеткен ауылы балық аулаудан рекорд орнатып, алдыңғы қатарда болған. Ол кезде Қаракеткеннің атын төңірекке танымал еткен «Игілік» балық колхозы еді. Балықшылар балықты Қаракеткен аумағындағы «Майкөл», «Кіндіккөл», «Үйсінкөл», «Түйе кеткен» сияқты көлдерден аулаған. Соғыс жылдары колхоз барлығы 13 мың тоннадан астам сапалы балық аулап, Отан қорғау қорына жөнелткен. 1964-1965 жылдары колхоздың аты халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет тақтасына жазылды. 1965 жылы Балық шаруашылығы Министрлігінің ауыспалы Қызыл Туына ие болады. Міне, осындай мақтан тұтар тарихы бар өлкемізді қайта жандандыру – бүгінгі ұрпақ міндеті.



Осы мақсатта ауданда ел бірлігін сақтап, өнегелі өмір өрнегін қалыптастыратын қазыналы қарттарымыздың, елге адал қызмет еткен ардагерлеріміздің басын қосып, замандаспен дидактикалық мақсатында жылда дәстүрлі

балық аулау сайысы ұйымдастырылып келеді. Жылдағы дәстүрден жаңылмай, балық аулау бәсекесіне ақсақалдар өздері ғана емес, нөмере, шеберлерін де ерте келіпті. Абыз ақсақалдар мен зейнеткер-

лердің бәсекесіне аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, халықтың қамын ойлаған, ойы терең ардагерлерімізге сәттілік тіледі.
— Мұндай шараның тек балық аулау, құр уақыт өткізу ғана емес, ардагерлеріміздің ескелең ұрпақ алдындағы бірлігі, өнегелі дара жолын көрсетер тағылымды шара ретінде маңызы зор. Қарттарын асыл қазына деп ардақ тұтқан егеменді елімізде ардагерлеріміз ерқашан құрметке лайық. Құрметті демалыста жүрсе де ауданның әлеуметтік-экономикалық, мәдени-қоғамдық өміріне араласып, игілікті шараларда белсенділік танытып келесіздер. Аға буын өкілдерінің салауатты өмір салтын қалыптастыруға белсене араласуы аудан тұрғындары мен жастарымыздың спортпен шұғылдануына үлкен бағыт-бағдар беретіні сөзсіз. Бүгінгі туған жердің табиғатында ұйымдастырылып отырған тамаша шара жастарға үлгі болар игі дәстүр десем қателеспеймін, — деді Ардақ Ибраимов.
Аудан ардагерлері арасындағы балық аулаудан жарыс 2014 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп, жарысқа қатысушы ағаларымыздың саны да жылдан-жылға артып келеді. Жалпы жарыс өте тартысты өтті. Балалық шақтарын еске алса керек, басында белсенділік танытпай тұрған қарттарымыз, уақыт өте қармақтарына жиі балық түсе бастады. Әрине, Сырдарияның сағасында өскен ақсақалдардың балық аулаудың қыр-сырын толық меңгергеніне ешкімнің де күмәні болмады.
— Дария жағасында өсейгесін болар, балық аулау таңсық іс емес. Шыны керек, ес білгелі қармақ салу ең жақсы көретін ісім. Бұрын бұл өңірдің суында балықтан көп нәрсе жоқ еді. Тұтас бір өңірді асырайтын жағдайда болатын. Қазір дариядан су тартылғалы, балық та қашты. Десе де қазірдің өзінде ауыл маңындағы каналдардан балық аулап тұрамын. Сондықтан біз, әсіресе болашақ осы жердің егесі жастар табиғатымызға ерекше ілтипатпен, қамқорлықпен қарауымыз керек, — деп жастарға өсиетін айтты Марат Алдабергенов.
Қазақ — қариясын сыйлаған халық. Қарияның батасынсыз қазақ қоғамында қордалы байламдар жасалып, іс басталмаған. Бұл — атам заманнан бері келе жатқан игі дәстүр. Сол дәстүрдің аясында бастау алған балықшылар сайысы ардагерлердің батасымен басталып, түрлі марапатпен қорытындыланды. Шара соңында ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәдік Әлиев балық аулауға қатысқан барлық ардагерлерге алғыс білдірді.

Жандос ЖАЗКЕН

Сезім НҰР

Спорт



Жастар басқосқан турнир

Аудандық «Наркескен» спорт клубы мен Бұқарбай батыр ауылындағы 1984 жылғы азаматтардың ұйымдастыруымен өткен апта да волейболдан Ысқақов Мейірхан мен Нұрмаханов Ақылбекті еске алуға арналған ересектер арасында аудандық турнир өтті. Аталған турнирге кент және ауылдық округтерден 8 команда қатысты.

— Мейірхан ауылдық мектепте жұмыс жасады. Көптеген іс-шараларға белсенділік танытып, оның жоғары деңгейде өтуіне атсалысатын. Сондай-ақ ерекше безендіру жұмыстарын жасайтын. Ал Ақылбек жастайынан әкесінің жанында жүріп, еңбекке ерте араласты. Әріптестері арасында еңбекқорлығымен дараланған досымыз бірнеше рет марапат төрінен көрінген еді, — дейді Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны, Фани Ыдырысов.

Кіл мықтылар бас қосқан тартысты турнирде үздік үштікті Таң ауылының спортшылары түйіндеп, 20 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйақыны иеленді. Ал II орын батыр атындағы ауылдан спортшыларға бұйырып, 30 мың теңге сыйақыға ие болды. Жұлделі I орынды Еңбек ауылының сайыпқыран спортшылары жеңіп алып, 50 мың теңге қаржылай сыйақымен марапатталды.

Сондай-ақ ойында барысында үздік ойын өрнегін көрсеткен спортшылар да арнайы марапат пен қаржылай сыйақылар иеленді. Мәселен «Үздік ойыншы» номинациясын Еркінбол Қойшыбеков иеленсе, «Үздік жас ойыншы» номинациясын Асқар Мырзалы иеленді.

— Жарыс өте тартысты өтті. Әр ауылдан ең мықты спортшылар іріктеліп, жиналды. Ауыл айбырын арқалап келген жарыста I орынды иеленді. Қарсыластарымызда ойынға өте жоғары дайындықпен келген. Әйтсе де, командаластарымызның ұйымшылдығының арқасында жеңіске жеттік. Жеңісті жолды алдағы жарыстарда да жалғаймыз деп сенеміз, — дейді Еңбек ауылының спортшысы Еркінбол Қойшыбеков.

Бәрекеді!



Өткен аптада 40 жастан асқан ардагерлер арасында Б.Құлтеқенов атындағы жабық бассейнде суға жүзуден жарыс өтті. Жарысқа 7 ардагер қатысып, өзара мықтыны анықтады. Иә, суда жүзуден кәсіби түрде айналыспа да ес білгелі дарияның суын кешіп, суда жүзген жарысқа қатысушы ауыл ардагерлерінің бәрі дерлік шапшаң қозғалады екен. Жарыс тартысты өтті.

Суға жүзуден жарыс өтті

Жарысқа қатысушылар 50 метрге еркін әдіспен жүзуден бақ сынасты. Жарыс нәтижесі бойынша кент атынан қатысқан Мейрамбек Оразбаев III орын, М.Шәменов ауылының ардагері Мейрамбек Рахимов II орын, Бұқарбай батыр ауылының ардагері Нұрлыбек Төлеубаев I орынды қанжығасына байлады. Одан бөлек 60 жастан жоғары жастағы қатысқан ардагерлерге түрлі номинациялар берілді.

— Ауылда өскендіктен кішкентайымнан суда жүзді жаным жағалап, дария суына жүзетін болсақ, қазір шүкір, ауданда жабық бассейні ашылған. Иә, суда жүзу адам денсаулығына пайдалы, мәселен, жүрек, жүйке жүйесін жақсартады, шынықтырады, өкпе жұмысын реттейді. Жарысқа келетін болсақ, өте тартысты өтті. Суға жүзуден кішкентайымнан шұғылданып, өліге дейін еркін жүзе алатындықтан болар, бүгін жеңімпаз атандым. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз, сайысқа қатысудан қашпаймыз, — дейді Бұқарбай батыр ауылының спортшы ардагері Нұрлыбек Төлеубаев.

Жарыс соңында жеңімпаздар арнайы медаль және дипломдармен марапатталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл игі дәстүр жалғасын тауып, шара ауқымы кеңейіп түспек.

Десе де суға жүзуден жарысқа қатысамын деушілердің қатары аз көрінеді. Иә, қазақ жастарының су спортына аз баруының себептері де жоқ емес. Біріншіден, қазақ жастарының көбісі ауылда тұрады. Ауылда бассейн жоқтың қасы. Ал ауданда бассейнің салынғанына көп уақыт болмады. Көбісі суға жүзуді түсіне бермейді. Екіншіден, қазір жасөспірімдердің көбісі үйлерінде отырып, әлеуметтік желідегі ақпараттарды оқуға құмартып алды. Осылайша жастар алтын уақыттарын интернетте өткізуде.

— Жалпы, біз су спортынан бейхабармыз. Әрі білген күннің өзінде жүзуге мәнсіздей қараймыз. Баламыз шымыр болсын деп күрес, боксқа жиі алып барамыз. Ал жүзу спорты жекпе-жек сынды спорт түрлерінен кем түспейді. Өйткені бұл спорт адамды шымыр етіп қана қоймай, шыдамдылыққа, әдептілікке баулиды. Тіпті ең мықты, талантты деген боксшы олимпиадада өрі кетсе бір ғана алтын алып шектеледі. Ал жүзу спортындағы мықтылар бір дүбірлі додада бір емес, біраз қашықтыққа бақ сынап, бірнеше алтын алып жататынын көріп жүрміз. Сондай-ақ су спорты жөнінде насихат аз болып тұр. Жарыстарды жиі өткізуге тырысамыз, бірақ тұрғындар тарапынан жарысқа қатысуға қызығушылық жоқ. Қатысатын адам болмаған соң, көп жобаларымыз аяқсыз қалып жатыр. Жалпы, жүзу адам ағзасына тигізетін пайдасы мен әсері жағынан басқа спортқа қарағанда ерекше. Жүзумен тұрақты шұғылданған адамның бұлшық еті үйлесімді жетіледі, жүйке тамыры нығаяды, денедегі зат алмасу, тыныс алу мен қан айналу жүйесінің қызметі жақсарыды. Бұл спорт түріне Жалағаш жастары жиі

тартып, нұр үстіне нұр болар еді, — дейді бассейн басшысы Берікқазы Әуесбаев.

Айта кетейік, үлкендерге арналған бассейнің ұзындығы — 25, ені 12 метр. Ал тереңдігі 1,6 метрден бастап 2 метрден асып жығылады. Балаларға арналғаны бөлек. Жеті жасқа дейінгі балалар үшін ұзындығы 12, ені 6 метр, бассейнің тереңдігі 60 сантиметр. Суға түскенде батпауға арналған жабдықтар да жеткілікті.

Бассейндегі су айына бір рет ауыстырылып тұрады. Ал заңдылығында үш не алты ай деп береді. Мұндағы су үнемі айналымда, астында орналасқан төрт фильтр қондырғы арқылы ұдайы тазалайды. Судың температурасын қалыпты ұстайтын құралы бар. Балалар түсетін бассейн температурасы 32, ал ересектердікі 28 градус. Еден де жылытқышқа қосылған. Негізгі талап — келушілер тері аурулары жоқ екенін растайтын дәрігердің рұқсатымен ғана суға түсу керек. Ішімдік пайдаланған тұрғындар мүлде кірмейді. Сондай-ақ шыны ыдыстарды пайдалануға рұқсат жоқ.

Бассейнге бір айға суға түсудің құны — 10 мың теңге. Аптасына үш рет келе аласыз. Ал жеті жасқа дейінгі балаларға тегін. Ер және әйел адамдарға апта күндері бөліп қарастырылады. 20 адамға дейін қабылдауға мүмкіндігі бар бассейнде оқушыларға жүзу үйірмесі де жұмыс істейді.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміре 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1146